



# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БИЗНЕС ҚҰҚЫҒЫ ЖӘНЕ ЗАҢНАМАЛЫҚ ОРТА: ТРАНЗАКЦИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАС

Халықаралық сауданы реттеу



**Дүниежүзілік сауда ұйымы.** XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында халықаралық аренада протекционизм саясаты кең етек жая бастады. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Д. Рикардо сауда саласындағы салыстырмалы артықшылықтар теориясына негізделген идеяны тарата бастаған болатын. Осы уақытта Еуропада мемлекеттер, саяси қайраткерлер, ғалымдар бас қосып, біртұтас Еуропаны құру мәселесін қарастыру процесінде еді. Ал 1947 жылы әлемдік деңгейде әлемдік сауда және тарифтер бойынша келісім GATT жасалды. Осы келісімнің негізінде халықаралық сауда реттеле бастады. Ал тауар саудасын реттеуді ырықтандыру саласында халықаралық келісімдермен қоса, халықаралық ұйымдар да құрылды. 1994 жылы Уругвай раунды аяқталғаннан кейін ДСҰ құру туралы шешім қабылданды. Бұл шешімнен кейін қызметтер саудасы туралы бас келісім және зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері туралы келісімдер жасалды.

ДСҰ өзінің миссиясын орындау барысында трифтер мен қызметтер саудасын ырықтандырумен айналысқан болатын. Сандық шаралардың көпшілігі тарифтік шараларға ауысты. Мысалы, халықаралық саудада мемлекеттер арасында импортқа тыйым салу немесе тауардың санын шектеу сияқты кедергілерді қоятын болса, енді ДСҰ импортқа тыйым салу орнына тарифтерді қою мәселесін қарастыра бастады. Тарифтерді қоюдың артықшылығы: оларды есептеу өте оңай. Көптеген мемлекеттер өздерінің ұлттық нарығын қорғау үшін тарифтік шектеулер қояды.

**Тарифтер транспарентті.** Өйткені тарифтерді пайдалануда ДСҰ немесе тарифтер және сауда келісімі бойынша тариф енгізгенде максималды тариф қоюға міндеттеледі. Мысалы, ҚР 2015 жылы ДСҰ мүшесі болып енген кезде тауар тасымалдау кезінде тарифтердің ең жоғарғы мөлшерін қоюға міндеттелді.

ДСҰ өз қызметінде негізгі үш міндетті орындауға басты назар аударады. Ең қолайлы жағдай тәртібін жасау. Халықаралық бизнес субъектілеріне қолайлы жағдай жасау арқылы халықаралық сауда қарқынды дамып отырады. ДСҰ-ға кіретін мемлекеттердің тарифтері бірдей болғандықтан, ДСҰ-ға кірмейтін үшінші мемлекетке тарифтер үлкен болады. Бұдан бөлек, егер өңірлік ұйымдар құрылатын болса, сол ұйымға мүше мемлекеттердің арасындағы тарифтер қолданылуы мүмкін. Үшінші мемлекеттің жағдайын нашарлатпау мәселесі тарифтер және сауда келісінде қарастырылған.

Ұлттық режим қағидасы бойынша мемлекеттер шетелдік компанияларға да, жергілікті компанияларға да бірдей жағдай жасау керек. Бірақ бұл режим көп жағдайда бұзылып жатады. Айталық, кедендік баж салықтары бірдей болғанымен, өзіндік, отандық өнімді қолдау барысында субсидия беру немесе салықтан жеңілдік беру, мемлекеттік сатып алуларда мүмкіндік беру туралы жеңілдіктер беруі мүмкін. Мысалы, АҚШ-та және Еуропа мемлекетінде ауылшаруашылығы саласында жеке бизнеске үлкен көлемде субсидия беріледі.

**Ашықтық қағидасы.** Кедендік баж салықтары, импорттық баж салықтары, кедендік рәсімдеу талаптары және т.б. процедуралар ашық, барлық мемлекетте қолжетімді болуы керек. Егер халықаралық бизнес транзакцияларында кейбір мемлекеттің құпиялары болса, онда ол халықаралық бизнес этикасын бұзған деп саналады.

Жалпы халықаралық сауда ұйымдары мемлекеттің ішкі саясатына қатыспаса да, шетелдік компанияларға жеңілдік беру, салықтарды азайту деген сияқты талаптары арқылы ішкі саясатқа араласуын көріп отырмыз. ДСҰ-ға кіру үшін мемлекеттер тарапынан қандай талаптар орындалу керек? Ең алдымен ДСҰ-ға мүше мемлекеттермен келісім жасау керек. Келіссөздер жасау барысында тарифтерді реттеп, зияткерлік меншік құқығы туралы келісімдерге қол қойып алады. Екінші, ДСҰ-ға кірген кезде кез келген мәселе консенсус арқылы шешіледі, яғни өзге мемлекеттің ДСҰ-ға кіру ниетін ДСҰ-ға мүше мемлекеттердің барлығы мақұлдаулары қажет. Мысалы, Ресей Федерациясы бірнеше жылдар бойы ДСҰ-ға кіру өтініші Грузияның қарсы болу себебінен мақұлданбай, бірнеше жылдар бойы ДСҰ-ның мүшелігіне ие бола алмай жүрді. Келесі талап, ДСҰ мүшелігіне кірген мемлекет ДСҰ-ның өзге де келісімдерін қабылдауы керек. ДСҰ-ға кіргеннен кейін кез келген мемлекет 3–5 жыл ішінде өтпелі кезеңді өткереді. ДСҰ талаптарына келісу және үйрену кезеңінде ДСҰ-ға кірген мемлекет отандық тауарлардың, қызметтердің сапасының, зияткерлік меншікке байланысты талаптардың, санитарлық, фитосанитарлық талаптардың, экожүйенің ДСҰ талаптарына сәйкестігін қалпына келтіреді. ДСҰ-ның келісімдеріне сәйкес кез келген мемлекетте өндірілетін тауарлар мен қызметтер



ДСҰ-ның санитарлық және фитосанитарлық нормаларына сәйкес болуы тиіс. Мысалы, Австралияға ең алғаш рет қояндарды апарған кезде, олар Австралияның табиғатына үйрене алмай, қиыншылықтарға тап болды. Уақыт өте келе, табиғатқа бейімделіп жоспарланған мөлшерінен асып кетті. Соның салдарынан, Австралияның экожүйесіне бірқатар қиындықтар туғызды. ДСҰ талаптарына сай кез келген тауарларды екінші мемлекетке тасымалдаған кезде сол мемлекеттің экожүйесіне зиян келмеуі тиіс. Бұдан бөлек, әкелінетін тауарлардың техникалық талаптарға сай болуы да маңызды талаптардың бірі. Сондай-ақ кедендік бағалау кодексін қадағалау, баж салықтарының есептелуі анықталу керек. Бұрын тауарларға кедендік баж салықтары тауарлардың түріне, көлеміне, санына байланысты болса, енді тауардың жіктелуіне қарай қойылады. ДСҰ талабы бойынша тауар жіктелуі бойынша қай жікке және түрге жатады сол жіктелу бойынша баж салығы қарастырылған. Келесі мәселесі тауардың пайда болған жері ережелері туралы келісіммен реттеледі.

**Тауарды әкелудегі реэкспорттан қорғану үшін қажетті келісім.** Тауардың шығарылған елі дұрыс жазылған жағдайда ғана баж салығын дұрыс мақсатта есептей аламыз. Мысалы, бір елдің аумағына үшінші бір елдің тауары әкелініп, аз ғана өңдеуден өтіп сол елдің аумағынан басқа елге кедендік баж салығынсыз тасымалданатын болса, баж салығынан жалтару фактісін, яғни құқықбұзушылықты көре аламыз.

ДСҰ демпинг пен субсидияға қарсы шараларды да қолданады. Мысалы, демпингке қарсы мына жағдайды қарастырса болады. АҚШ-та жергілікті өндірістен шыққан ас шаяндары саудада өтпей қалып, Вьетнамнан келген ас шаяндары жақсы саудаланып, пайдаға кенелгені байқалған. Содан кейін АҚШ Вьетнамнан келетін ас шаяндарына кедендік баж салығын 2 есе көбейтеді. Вьетнам мемлекеті АҚШ-тың бұл іс-әрекетіне наразылық білдіріп, арыз жазады. Нәтижесінде халықаралық сауда соты істі Вьетнамдықтардың пайдасына шешіп берді.

**Дауларды шешу механизмі.** ДСҰ дауларды шешу мерзімі дауларды шешу және дәлелдемелерді жинау уақытына байланысты. Дауларды шешу бойынша сот ісінің шешімін орындау уақыты 12–15 ай аралығында. Мысалы, АҚШ, Аргентина және Канада мемлекеттері Еуроодақ үстінен гендік модификацияланған өнімдерді Еуроодақ аумағына кіргізуінің салдарынан шағымданған еді. Сот істі қарау барысында Еуроодақ өз шешімін ғылыми пайымдауларсыз қабылданғаны анықталып, халықаралық сот өз шешімін шағымданушылардың пайдасына шешіп берді.